

"Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қорынан жұмыстар мен қызмет көрсетулерді қаржыландыру мен кредиттеудің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қазан N 1197. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.02. N 1225 қаулысымен. ~P981225

"Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 21 қарашадағы N 1582

P951582_

қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қорынан жұмыстар мен қызмет көрсетулерді қаржыландыру мен кредиттеудің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 1 қазандағы

N 1197 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

"Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қорынан жұмыстар мен қызмет көрсетулерді қаржыландыру мен кредиттеудің ережелері

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының жаңа астанасын абаттандыру және Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын одан әрі дамыту жөніндегі шығындарды "Жаңа

астана" бюджеттен тыс республикалық қоры (бұдан әрі - Қор) есебінен қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің қаулыларына, осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қор қаражаты есебінен жұмыстарды қаржыландыру мен кредиттеу агенттік келісімге сәйкес өкілетті банк арқылы жүзеге асырылады.

II. Қор қаражаты есебінен жүзеге асырылатын шығындар

3. Қор қаражаты тек қана Қазақстан астанасын көшіру және Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын одан әрі дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі - Бағдарлама), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының және Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) шешімдерінде көзделген шығындарды қаржыландыруға жұмсалады және осы Ережеде қарастырылғаннан басқа мақсаттарға алып қоюға немесе жұмсауға жатқызылмайды.

III. Қор қаражатын пайдалануға қатысты жұмыстарға қатысушы субъектілер

4. Тапсырыс берушілер:

Ақмола қаласына қоныс аударуға жататын мемлекеттік органдар, сондай-ақ Комиссияның айқындауы бойынша Алматы қаласының және оның ықпал аймағының қазіргі заманғы инфрақұрылымын жасау жөніндегі жекелеген жұмыс түрлерін орындау жүктелген басқа да заңды тұлғалар.

5. Мердігерлер:

кез-келген заңды тұлғалар, соның ішінде нақты объекті бойынша мердігерлік қызметті жүзеге асыру құқығына ие болу конкурсында ұтып шыққан шетелдік заңды тұлғалар;

Комиссия жекелеген жұмыс түрлері мен объектілерді орындау үшін белгілеген заңды тұлғалар.

6. Қорды бөлуші:

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы.

IV. Қор қаражатын берудің негіздемесі

7. Белгіленген тәртіппен бекітілген Бағдарлама, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы мен Комиссияның шешімдері Қор қаржысын беру үшін негіздеме болып табылады.

V. Қаржыландыру ашудың тәртібі

8. Қордың қаражаты есебінен қаржыландыру мен кредиттеу үшін тапсырыс беруші өкілетті банкке ағымдағы жылда жаңадан басталатын құрылыстардың күрделі құрылысының жоспары мен титулдық тізімдерін береді.

9. Өкілетті банк белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың кейін берілуімен жобалау-іздігіру, өлшеу-зерттеу жұмыстарын, құрылысты, жабдық сатып алуды бірге қаржыландыруды жүргізеді.

VI. Қор қаражатын берудің тәртібі

10. Комиссия өзінің шешімімен егер олар Бағдарламада айқындалмаған болса, жекелеген жұмыс түрлерін орындау жөніндегі тапсырыс берушілердің функциясын министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және орталық атқарушы органдарға, сондай-ақ басқа да заңды тұлғаларға бекітіп береді. Тапсырыс берушілер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізілген жұмыстардың түпкі нәтижелері үшін жауап береді.

11. Тапсырыс берушілер белгіленген тәртіппен тендер құжаттамасын әзірлейді, жобалау және құрылыс жұмыстарына тендер өткізеді.

12. Тендер жеңімпазы анықталғаннан кейін тапсырыс берушімен контракт ж а с а л а д ы .

13. Тендер нәтижесінде теңгеде және АҚШ долларында айқындалған сома түпкілікті болып табылады және контракт жасау кезінде өзгертуге жатпайды.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының шешімі бойынша Қор қаражаты тендер жариялаусыз, ал министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге орталық атқарушы органдардың өз қаражаттары - Комиссияның шешімі бойынша беріліне алады.

14. Белгіленген тәртіп бойынша рәсімделген қаржыландыру немесе кредиттеу шарты мердігердің кепілдік міндеттемесін қоса алғанда, контрактілік құжаттама толық көлемінде өкілетті банкке беріледі.

15. Барлық заңды тұлғалар - тапсырыс берушілер бөлінген мақсатты кредит қаражатын қайтарудың мерзімдері мен шарттарына сәйкес өкілетті банкпен кредиттік шарт жасайды. Мемлекеттік органдар, сондай-ақ бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар қайтарымсыз негізде қаржыландырылады.

VII. Қор қаржыларын пайдаланудың тәртібі

16. Күрделі құрылыстағы қаржыландыруды, кредиттеуді және есеп айырысуды, сондай-ақ ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізуге байланысты жұмыстарды қаржыландыруды смета бойынша бекітілген тиісті жұмыс түрлерін орындауға арналған контрактіде көзделген көлемде өкілетті банк арқылы Қор жү з е г е а с ы р а д ы .

17. Мердігерлік ұйымдарға құрылыс материалдарын дайындауға берілетін жыл сайынғы аванс сомасы атқарылған жұмыстар көлемінің 50 процентінен аспауы тиіс және басқа мақсаттарға жұмсалынуы мүмкін емес, қарыздарды және міндетті төлемдерді төлеуге алып қоюға жатпайды.

Тапсырыс берушілер мен мердігерлік құрылыс-монтаж ұйымдарының арасындағы есеп айырысулар мердігер шарттарының негізінде жүргізіледі.

Орындалған жұмыс көлемі үшін тапсырыс берушімен мердігер қол қойған орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының құны туралы анықтаманың негізінде мердігерлік ұйымдардың өзге шығыстары мен шығындарын ескере отырып ай сайын есеп айырысулар жүргізіледі.

18. Тапсырыс беруші мен жобалау ұйымдары арасындағы есеп айырысулар орындалған жобалық жұмыстардың кезең-кезеңі бойынша объектілер бойынша жүзеге асырылады. Түпкілікті есеп айырысу әзірленген құжаттамалар бойынша сараптаманың қосымша оң қорытындысы алынғаннан кейін жүргізіледі.

Жобалау-іздістіру жұмыстарына арналған шарттарда жылдық жұмыс көлемінің 40 проценті мөлшерінде аванс қарастырылуы мүмкін.

19. Қордың пайдаланылмаған қаржысы жыл бойында өкілетті банктің арнайы шотында қалады және келесі жылға ауыстырылады.

VIII. Қор қаражатын пайдалануға бақылау жасау

20. Қор қаражатының нысаналы пайдаланылуына бақылау жасауды Қордың Байқаушы кеңесі және өкілетті банк жүзеге асырады. Осы қаражаттың мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда, кінәлілер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

21. Өкілетті банк Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының және Қордың келісімі бойынша орындалған жұмыстардың көлеміне бақылау өлшемдерін жүргізеді, кемшіліктер анықталған кезде алынған артық сомалар Қор есебінен қалпына келтіріледі, ал тапсырыс берушіден айыппұл сомасы қосылып жазылған соманың 10 проценті мөлшерінде Қордың кірісіне өндіріліп алынады.

IX. Қор қаражатын пайдалану шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік

22. Қордың қаражатын пайдалану шарттарын және шарт міндеттемелерін бұзғаны үшін кінәлілер Қазақстан Республикасы заңдарына және осы Ережеге сәйкес жауапкершілікке тартылады.

23. Шарттар және контрактілер жасау кезінде осы тарауда айтылған жауапкершілік шаралары шарттық және контрактілік құжаттаманың мәтініне міндетті түрде енгізілуге жатады.

Х. Қор қаражатын пайдалану кезіндегі ерекше шарттар

24. Шетел инвестицияларын тартуға арналған контрактілерді жасау кезінде оларды пайдаланудың міндетті мынадай шарттары:

қазақстандық құрылыс және жобалау ұйымдары кемінде 30 процент;
қазақстандық кәсіпорындардың өнімдері, жұмыстары және қызмет көрсетулері кемінде 30 процент болуы тиіс.

25. Қазақстанға шетел жұмыс күшінің әкелінуіне бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің органдары жүзеге асырады.